

**Тақырыбы: «Алтын күз» сценарий балабақшада ересек тобы.**

**Мақсаты:** Күз мезгілінің өзгерістерін ұғындыру, мерекелік көңіл-күй орнату. Балаларды ән салуға, би билеуге деген ынталарын арттыру.

Музыка ойнап, әсем безендірілген залға балалар келіп кіреді.

**Жүргізуші:** Қарсы алайық бәріміз,

Жасымыз бен кәріміз.

Қырдан кепті қыдырып,

Алтын күз бізге нұр төгіп.

Тілегім аман болсын ел іргесі,

Алтын күз қайта келді берекесі.

Молшылықтың жаршысы бола білді,

Алтын күз-ырыс,береке,бірлік ала келді.

Армысыздар балалар мен ата-аналар, қадірлі қонақтар! «Алтын күз» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер! Балалар мен сендерге бір жұмбақ жасырғым келіп тұр.

«Көк майсалы көрікті, алқаптағы көп егін

Бұл күндері киіпті, сары жібек көйлегін» - Бұл не, балалар? (Күз мезгілі)  
(ендеше, күз мезгіліне арнаған өлең шумақтарымызды тыңдайық)

**Жүргізуші:** Сәлеметсіз бе, Күз ханшайымы! Біздің балалар сізді асыға күтті.

Балалар бізге қонақ келе жатқан сияқты. Ол кім болды екен?

**Күз ханшайымы:**

Сәлем менің достарым,

Өмірге көп қосқаным,

Күз сыйлығын алыңдар

Сыйлығына қаныңдар.

Молшылыққа кенеліп,

Шаттық әнге салыңдар.

**Жүргізуші:**

Жапқандай жапырағымен айналаны,

Қуантып байлығымен халқымда.

Бір қуантып қайту үшін біздерді,

Сабырлы, сары алтын күз келді.

**Күз ханшайымы:** Рахмет, менің достарым! Ал, мен сендерге жұмбақ ала келдім.

1. Бұтақта ілініп тұрамын,

Піскенде себетке құладым. (Жеміс)

2. Ашулы қонақ бұл анық,

Тонып шешсе жыладық. (Пияз)

3. Өсірер тың дала,

Көшірер қамбаға.

Айналар ұңға да

Айналар нанға да. (Бидай)

4. Сырты қатты,

Іші тәтті. (Қарбыз)

5. Өсірдім ұлпа қар,

Шешуін кім табар. (Мақта)

**Жүргізуші:** Қызыл, жасыл, сары, алтындай,

Жапырақтар күздің көркі.

Ән салайық би билейік,

Күз әніне қосыла.

**Ән:** «Алтын күз» хор.

**Адила:**

Сап-сары атырап,

Суық жел соғады

Сарғайған жапырақ,

**Дарина:** Қолыма қонады.  
Көктемде егін егетін,  
Күзде жиып беретін,  
Біздің дала бай дала,  
Алтын астық айнала.

**Қолғанат:** Тегістіктен желдетіп  
Жаңбырлатып, селдетіп  
Шаттандырып біздерді  
Шат шадыман күз келді.

**Нүрсезім:** Шаттанды балақай  
Жез түсті, күз түсті  
Береке салты күз,  
Мереке алтын күз.

**Арсен:** Сарғайды тоғай  
Сап-сары маңай  
Соңғы әнін айтып,  
Құс кетті қайтып.

**Мирас:** Алтын сары, қызыл көк  
Алуан-алуан жапырақ,  
Күзгі бақта күлімдеп  
Көз тартады атырап.

**Бағбаншы:** Бақша, бақты күтетін бағбаншымын. Балаларды мейрамымен құттықтауға келдім. Балалар қандай керемет көңіл-күймен отыр екенсіңдер, мен сендермен бір ойын ойнағым келіп отыр. Бірақ сендер ертегі білесіңдер ме, ендеше «Шалқан» ертегісін ойнап жіберейік.

**Ойын:** «Шалқан» ертегісінің қойылымымен балалар ойнап шығады.

**Жүргізуші:**

Шаршауды білмейміз,  
Көңілді би билейміз.  
Әсем сазды ән салып,  
Би билеуге дайынбыз.

Би: «Кірпілер» (ер балалар)

**Күз ханшайымы:** Бәрекелді, керемет!

**Алихан С:** Сарғайды тоғай  
Сап-сары маңай  
Соңғы әнін айтып,  
Құс кетті қайтып.

**Хан:** Сап-сары атырап,  
Суық жел соғады  
Сарғайған жапырақ,  
Қолыма қонады.

**Айханым:** Тырна көкте тыраулап,  
Қош-қош айтты кеттім деп,  
Шөптің басы қыраулап  
Күз де келді жеттім деп!

**Жанерке:** Құстар қайтты ән салып,  
Бұлт шарлады аспанды,  
Қыс келеді жар салып,  
Күзгі суық басталды.

**Айсұлтан:** Тегістіктен желдетіп  
Жаңбырлатып, селдетіп  
Шаттандырып біздерді  
Шат шадыман күз келді.

**Алихан Ә:** Қамба толды астыққа,  
Алғыс саған алтын күз  
Бір уыс дән шаштықта,  
Қап-қап қауын алдық біз.

**Жүргізуші:** Сұлу қыздарымыздың биін тамашалайық.

**Би:** «Құстар биі»

**Жүргізуші:** Ата-аналармен ойын.

**Ән:** «Жаңбыр тамшысы» **Жанерке.**

**Би:** «Қуыршақ» **Мұратова Айханым.**

**Бекнар:** Берекесін сыйлауға  
Өлкемізге күз келді,  
Жемістерін жинауға,  
Шақырады біздерді.

**Аянат:** Шаттанды балақай  
Жез түсті, күз түсті  
Береке салты күз,  
Мереке алтын күз.

**Айбат:** Көктемде егін егетін,  
Күзде жиып беретін,  
Біздің дала бай дала,  
Алтын астық айнала.

**Дайана:** Астық жеміс жиылды,  
Қамбамызға құйылды  
Ардақты күз мың алғыс  
Алдық өнім сыйыңды.

**Парахат:** Жетті желмен алтын күз,  
Жеміс жинау салтымыз.  
Жиып - теріп болған соң,  
Той жасайды халқымыз.

**Ән:** «Күз тамаша»

**Күз ханшайымы:** Керемет! Қандай әдемі! Балалар, менің басқа балабақша бүлдіршіндеріне баратын уақытым болыпты. Мен енді кетейін, келесі кездескенше сау болыңдар! Әкелген күздің сыйын тарту етейін, қабыл алыңыздар.

**Жүргізуші:** Құрметті қонақтар, ата-аналар бүгінгі «Алтын күз» - атты ертеңгілігімізді аяқтай отырып, күз берекелі, астықты болсын демекпіз. Сау болыңыздар қонақтар, келгенше жыл айналып.





